


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

«МИРАС» УНИВЕРСИТЕТІ



МИРАС УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БІЛІМгерлері мен
түлектерін жұмысқа орналастыру туралы
ереже



Университет ОӘК отырысында талқыланды
Обсуждено на заседании УМС университета
№5 Хаттама «28» желтоқсан 2015ж.
Протокол №5 «28» декабрь 2015г.



Университет ҒК отырысында бекітілді
Утверждено на заседании УС университета
№5 Хаттама «28» желтоқсан 2015ж.
Протокол №5 «28» декабря 2015г.

Шымкент 2015 ж.

«Мирас» университетінің Оқу-әдістемелік басқармасымен ӨЗІРЛЕНДІ
ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ.

«Мирас» университетінің Оқу-әдістемелік басқармасының 2015ж. «29»
желтоқсандағы №5 хаттамалық шешімімен 01.01.2016жылдан бастап
ӘРЕКЕТКЕ ЕНГІЗІЛДІ.

«Мирас» университетінің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа
орналастыру туралы ереже білім алушылар мен түлектерге арналған жұмыс
орындарын ұйымдастырудың негізгі принциптері іске асырылған. Ереже
«Мирас» университетінің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру
бойынша қызметтің мақсаты мен міндетін, негізгі бағыттарын анықтайды,
процеске қатысушылардың қызметтік міндеттері мен жауапкершілік саласын
үлестіреді.

Осы Ереже «Мирас» университетінің меншігі болып табылады және жоғары
оқу орнының білім беру қызметінде ішкі қолданысқа арналған.

«МИРАС» УНИВЕРСИТЕТІ

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативті сілтемелер	4
3	Белгілер мен қысқартулар	4
4	Негізгі терминдер мен олардың белгілері	5
5	Білімгерлер мен тұлелерді жұмысқа орналастырудың мақсаты мен міндеттері	6
6	Білімгерлер мен тұлелерді жұмысқа орналастыру бойынша қызметтің негізгі бағыттары	7
7	Жұмысқа орналастыру процесіне қатысушылардың қызметтері	8
8	Жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру барысындағы жауапкершілікті үлестіру	10

«Мирас» университетінің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру туралы ереже

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

«Мирас» университетінің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру туралы осы ереже (ары қарай – Ереже) Университеттің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыруды өзіннің мақсаты етіп алады.

Ереже Университеттің қазіргі уақытта білімгерлер мен түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша қызметін жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері – кафедралар, факультеттер, тәжірибелер мен жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру бөліміне таралады.

Білімгерлер мен түлектердің жұмысқа орналасуына ықпал ету тәжірибеден өту орнын іздеуден бастап оқудың жалпы мерзімі бойы жүргізіледі. Қорытындылаушы кезең оқудың соңғы курсына алдын ала және ақырғы бөлу болып табылады.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже келесі нормативті құжаттардың негізінде әзірленген:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 17 мамырдағы «Білім туралы» № 319-III ҚРЗ Заңы.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысы. Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелері.
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы. Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарты.
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы. Оқу процесін оқытудың кредиттік технологиясы бойынша ұйымдастыру ережелері.

3. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- МЖМБ - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
- ҚР БҒМ - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;
- ҒЗО - Ғылыми-зерттеу орталығы;
- ТЖҰС - Тәжірибелер мен жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру секторы;
- ТО - Тіркеуші Офісі;
- ОӘК - Оқу-әдістемелік кеңесі;
- ҒК - Ғылыми кеңес;
- ПОҚ - Профессорлық-оқытушылық құрам;
- ҒРА - Білімгердің оқу кезеңіндегі орташа өлшемді бағасының көлемі.

4. НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АНЫҚТАМАЛАРЫ

Компетенциялар – білімгерлердің оқу процесінде алған білімдерін, машықтары мен дағдыларын кәсіби қызметте қолдана алу қабілеті;

Мамандарды іріктеу саласындағы қызметтер – тапсырыс берушілер – заңды тұлғаларға (кез келген меншік нысанындағы ұйымдар) адами ресурстарды іріктеу процедурасын ұйымдастыруда немесе оңтайландыруда көмек беру түрінде қызмет көрсету;

Оқытудың кредиттік технологиясы – кредиттер түрінде игерілген оқу материалының көлемін есепке ала отырып, дараландыру, білім беру траекториясының таңдаулылығы негізінде білімді шығармашылық игеру және өздігінен білім алу деңгейін көтеруге бағытталған білім беру технологиясы;

Офис Тіркеуші – білім алушының бар жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін тұлға;

Қызметкерлерді іріктеу – ізделіп отырған қызметтерге қойылатын белгіленген талаптар мен іріктеу өлшемшарттарына сәйкес ұйымға қызметкерлерді іріктеу мен іздестіру процесі;

Кәсіпорын-тапсырыс беруші – «Мирас» университетінің түлектерін жұмысқа орналастыру туралы Ереже аясында көрсетілетін қызмет үшін университетке қайырылған кез келген меншік нысанындағы ұйым, кәсіпорын.

Үлгерімнің орташа балы (Grade Point Average - GPA) – аралық аттестаттаудың пәндері бойынша кредиттердің жалпы санына аралық аттестаттаудың бағасына балдардың сандық эквиваленті мен кредиттердің көбейтіндісінің сомасына қатысты сынды таңдалған бағдарлама бойынша бір оқу жылы ішінде анықталатын білім алушының оқудағы жетістіктерінің орташа өлшемді бағасы;

Тағлымдама – жұмыс тәжірибесін жинау немесе мамандығы бойынша біліктілігін көтеру мақсатында Университеттің білімгерлері мен түлектері үшін оқу немесе өндірістік қызмет формасы;

Тренинг – білім алушылардың арнайы немесе кәсіби дағдыларды игеруіне бағытталған оқу формасы;

Жұмысқа орналастыру – Университеттің білімгерлері мен түлектеріне жұмыс іздестіру мен жұмысқа орналасуына ықпал ету мақсатында өткізілетін іс-шаралар жүйесі;

Бос орындар жәрменкесі– жұмысшыларды таңдап алу формасы, Университеттің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру әдісі; жұмыс берушілердің Университет білімгерлері мен түлектерімен кездесуі түрінде өткізіледі.

5. БІЛІМГЕРЛЕР МЕН ТҮЛЕКТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Университеттің түлектерін жұмысқа орналастырудың мақсаты жас мамандарды жұмыс орнымен қамтамасыз ету, түлектерді кәсіби жүзеге асыруды қамтамасыз ету, жеке мансапты құрудың қазіргі заманғы технологияларын меңгеру, экономикалық қызметтің әр түрлі саласын білікті мамандарға қажеттілігін қанағаттандыру, университет рейтингін көтері болып табылады.

Университет білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастырудың негізгі міндеттері:

- Университеттің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру саласында компаниялар мен ұйымдармен ынтымақтастық қарым-қатынасты құру;
 - Білімгерлер мен түлектер контингентінен ары қарай жұмысқа орналастыру үшін мамандар қорын құру;
 - Университеттің білімгерлері мен түлектерінің жұмыспен қамтылу және жұмысқа орналасудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру;
 - Жұмыс беруші-жоо-білімгер жүйесін ұйымдастыруда қазіргі заманғы тәсілдемелерді, технологияларды және инновациялық әдістерді қолдану негізінде Университеттің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша қызметтерді іске асырудың жоғары сапасын қамтамасыз ету;
 - Қосымша оқу бағдарламаларын бастамалау арқылы еңбек нарығында Университеттің білімгерлері мен түлектерін кәсіби құзыреттіліктері мен жеке бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру мақсатында тренингтерді іске асыру;
 - Ары қарай Университетке жұмысқа орналасу үшін Университеттің мамандар қорын құрудағы (оның ішінде Университеттің білімгерлері мен түлектері контингентінен) қажеттілігін қанағаттандыру;
 - Мирас университетінің түлектерінің білікті мамандар ретінде мәртебесін (имиджін) көтеру.
- Университеттің кәсіпорындармен өзара байланысы – Мирас университетінің түлектерінің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көтерудің тиімді механизмдерінің бірі. ЖОО университеттің түлектерін жұмысқа орналастыру жүйесін іске асырудың бірнеше әдісін қолданады, олардың ішінде:
- ✓ Шымкент қ. Халықты жұмыспен қамту орталығы тарапынан түлектерді жұмысқа орналастыруға ықпал етудің тұрақты жұмыс істейтін жүйесінің жұмысы.
 - ✓ Білімгерлер мен бизнес өкілдерінің өзара байланысын орнатуға бағытталған қала әкімдігімен ұйымдастырылатын бос орындар жәрмеңкесі мен басқа да іс-шараларға білімгерлер мен түлектердің қатысуын қамтамасыз ету.

- ✓ Білімгерлер мен түлектер түйіндемелерінің базасын қалыптастыру. Жұмыс берушілер тапсырыстарын қанағаттандыру мақсатында түлектердің мансаптық өсуін қадағалау.
- ✓ Қаланың жетекші ұйымдарының сұраныстары бойынша Мирас университетінің бітіруші курстарының білімгерлерімен кездесуді ұйымдастыру және өткізу.
- ✓ Білім беру, ғылым жұмысқа орналастыру саласындағы серіктестік туралы келісім-шарттар құру.
 - ✓ Ары қарай жұмысқа орналасу мүмкіндігімен кәсіби (диплом алдындағы) тәжірибеден өту туралы келісім-шарттар құру.
 - ✓ Университеттің білімгерлері мен түлектерінің қосымша құзыреттерді меңгеру есебінен олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттіліктерін көтеру бойынша жұмыстарды жүргізу:
 - Кәсіби мамандықтар мамандарының жетекшілік етуімен, оның ішінде серіктестік бағдарламалары аясында ғылыми зеттеулер мен зерттемелерді жүзеге асыруға арналған құрылғылармен жабдықталған ғылыми-зерттеу орталықтары мен зертханаларды құру және олардың жұмыс істеуі.
 - Кәсіпкерлік саласында жаңа білім, дағдыларды, шешендік қабілеттіліктерді, кеңселік бағдарламалармен жұмыс істей алу және құжаттарды жүргізу қабілеттерін игеру мақсатында гранттар мен бағалы сыйлықтар берілетін оқу бағдарламалары, олимпиадалар, байқаулар форматында кәсіпорындар мен мекемелермен бірлескен іс-шараларды жүзеге асыру.
 - Кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыру үшін орта құру.
 - Университет білімгерлері үшін, сонымен қатар жұмыс берушілер сұраныстары бойынша тақырыптық оқу семинарларын ұйымдастыру және өткізу.

6. УНИВЕРСИТЕТТІҢ БІЛІМГЕРЛЕРІ МЕН ТҮЛЕКТЕРІН ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

- Университеттің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша қызметті жүзеге асыратын Университеттің құрылымдық бөлімшелері оны ТЖҰС келіседі, барлық қажетті мәліметтерді, сонымен қатар білімгерлердің, Университеттің түлектерінің түйіндемелерін ұсынады.
- Университеттің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша қызметке жалпы бақылау жасауды ОӘЖ проректор жүзеге асырады.
- Университеттің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша қызметтің келісімділігін ТЖҰС жетекшісі жүзеге асырады.
- Университеттің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша қызметтің негізгі бағыттары:
- Ізденіскерлердің, жұмыс берушілердің, серіктестердің мәліметтер

базасын құру, қолдау және дамыту;

- Кәсіпорын-тапсырыс берушілермен Мирас университетінің білімгерлері мен түлектерінің жұмыс шарттарын келісу және мамандарды іріктеу туралы келісім-шарттарды құру;
- Кәсіпорындармен білім алушылардың ары қарай жұмысқа орналасу мүмкіндігімен диплом алдындағы тәжірибеден өту туралы келісім-шарт құру;
- Білімгерлер мен түлектердің жұмысқа орналасу туралы хабарландыруларын орналастыру үшін Университеттің бұқаралық ақпарат құралдарын, сонымен қатар электронды бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану;
- ТЖҰС Университеттің бөлімшелерімен білімгерлер мен түлектер туралы пікірлер, ұсынымдар, міндеттемелер алу мәселелері бойынша өзара әрекеттестігі;
- Жұмыс іздеу барысында, түйіндеме құруда консультация үшін ТЖҰС көмекке қайрылған Университеттің білімгерлері мен түлектерін қабылдау, толтырылған түйіндемелерді қабылдау мен тарату;
- Үміткерлердің жеке міндеттемелерін (мамандығы, GPA, білімі, машықтары, дағдылары және құзыреттері, кафедраның пікірі) бағалау негізінде кәсіпорын-тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес үміткерлерді іріктеу бойынша жұмыстарды жүргізу;
- Үміткер мен тапсырыс берушінің арасында сұхбат ұйымдастыру;
- Білім алушыларды бос орындар жәрмеңкесі туралы хабарландыру және олардың қатысуын қамтамасыз ету;
- Университетте кәсіпорындардың презентацияларын ұйымдастыру және өткізу;
- Жұмысқа орналасу саласындағы өзекті тақырыптар бойынша тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру және өткізу;
- Білімгерлер мен түлектерді жұмысқа орналастыру сұрақтары бойынша Университет базасында конференциялар мен жұмыс кеңестерін ұйымдастыру және өткізу;
- Білімгерлер мен түлектерге өз мансаптарын басқару мен дамыту, ұйымда бейімделу мәселелері бойынша кеңес беру;
- Сауалнама, пікіртерім және тестілеу жүргізу негізінде талапкерлердің, білімгерлердің және түлектердің кәсіби, іскерлік, моральдық, психологиялық қасиеттерін зерттеу;
- Жұмыс берушілердің түлектердің кәсіпқойлықтарына, Мирас университетіндегі білім сапасына қанағаттанушылықтары деңгейін анықтау мақсатында сауалнама әдісі арқылы пікіртерім өткізу болып табылады.

7. ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ.

Университет білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру процесіне қатысушылар:

- Жұмысқа орналастыру процесін ұйымдастыру секторы;
- білімгерлер, магистранттар, түлектер;
- жұмыс берушілер;
- серіктестер болып табылады.

Жұмысқа орналастыруға қатысты жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру секторының негізгі қызметтері:

- Университеттің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша қызметтің стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- Университеттің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша қызметтің тиімділігін арту және даму бағыттарын белгілеу;
- Жұмысқа орналастыру, білімгерлердің еңбек нарығындағы бәсекелестік талаптарына бейімделуі саласындағы өзекті мәселелер бойынша тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру және өткізу;
- Білім алушылар мен түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелер қызметін үйлестіру, қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді бақылауды жүзеге асыру;
- Білім алушылар мен түлектерді жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша ақпараттық және жарнамалық қызметті жүргізу;
- Кәсіпорындар мен ұйымдармен жұмысқа орналасу саласында серіктестік туралы келісім-шарттар құру;
- Университеттің білімгерлері мен түлектерін жұмысқа орналастыру нәтижелерінің сапасын тұрақты көтеруге бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру және үйлестіру;
- Білімгерлер мен түлектерді кәсіпорындарға жұмысқа орналастыру саласындағы Университет мүдделеріне өкілдік ету;
- Университет факультеттерінің келісім бойынша білімгерлер мен түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша іс-шараларды (бос орындар жәрмеңкесі, Мансап күндері, жұмыс берушілермен, түлектермен кездесу, т.б.) ұйымдастыру және қатысу;
- Жұмысқа орналасу сұрақтары бойынша білімгерлерге, түлектерге кеңес беру;
- Түлектерді жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру және олардың ары қарайғы мансаптық өсуінің мониторингін жүзеге асыру, бекітілген есептіліктің үлгілерін дайындау, ТЖҰС қызметі нәтижесінің талдауы; ЖОО басшылығына мәліметтер ұсыну;
- Түлектердің және кәсіпорын-жұмыс берушілердің мәліметтер базасының бірыңғай есебін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;
- Жұмыс берушілер арасында Мирас университеті шығарған мамандардың дайындық сапасына қанағаттанушылық деңгейіне пікіртерін жүргізу;

- Жұмысқа орналастыру нәтижелері бойынша есепке алу, есептілік.

Факультеттердің, кафедралардың қызметтері:

- ТЖҰС бірлесіп ЖОО-да өткізілетін түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру;
- Кафедра түлектерінің мансаптық өсуі туралы ақпаратты жинау;
- Компания-жұмыс берушілердің өкілдерінің әр түрлі мамандық білімгерлері мен түлектерімен кездесуін ұйымдастыру;
- Білімгерлер мен түлектерді жұмысқа орналастыруға қатысты ТЖҰС қажетті ақпаратты ұсыну;

Жұмыс берушілердің қызметі мен рөлі:

- Ұйымдағы бос орындар туралы мәліметтер ұсыну;
- Білімгерлер мен түлектермен кездесу өткізу, оларды ұйым қызметі туралы, жұмысқа қабылдау шарттары туралы ақпараттандыру;
- Мирас университетінің білімгерлері мен түлектерімен сұхбат өткізу;
- Жұмысқа қабылдау және түлек туралы пікір ұсыну.

Университет серіктестерінің қызметі және рөлі:

- Мирас университетінің білімгерлері мен түлектеріне қала және облыс кәсіпорындары мен ұйымдарында бос жұмыс орындарын іздеуде көмек көрсету;
- ОҚО бизнес-құрылымдарын тартып, бос орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру;
- Жұмыс берушілерді университеттегі түлектер (өнбек мамандары) туралы хабарландыру, жұмыс берушілерге түйіндемелерді ұсыну;
- Университеттің серіктестерінің бос жұмыс орындары болған жағдайда жұмыс беруші санатына көшу мүмкіндігі бар.

8. ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ БӨЛІСУ

Шешім қабылдауға және білімгерлерді жұмысқа орналастыруды ұйымдастыруға жауапты тұлға:

Жалпы Университет деңгейінде – ректор;

Құрылымдық бөлімше деңгейінде – құрылымдық бөлімше (кафедра, факультет) басшысы;

Жұмысқа орналастыру бойынша негізгі қызметті жүргізуге – ТЖҰС бөлімінің қызметкерлері болып табылады.